

Дәріс тақырыбы:

**Статистикалық есептің мәні,
міндеттері және
ұйымдастырылуы**

Дәріс сұрақтары

1. Статистикалық есептің мәні мен міндеттері.
2. Статистикалық есептің ұйымдастырылуы.

Біздің қоғамымызда **статистикалық есеп беру** статистикалық бақылаудың негізгі формасы болып саналады. Демек **есеп беру** деп кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, ұжымшарлар мен кеңшарлар және т.б өз жұмыстары туралы міндетті түрде арнайы бектіліген құжаттар үлгісінде және белгіленген уақыт аралықтарында керекті мәліметтерді статистика органдарына немесе тиісті орындарға тапсырып отыруды айтамыз. Әрбір есеп беру формаларында төмендегідей реквизиттер

міндетті түрде көрсетілуі қажет:

- есеп беру формасының мазмұнының толық көрсететін аты;
- статистика агенттігінің бекіткен уақыт мерзімі және нөмірі
- мәліметтердің есепке алынған уақыт мерзімі, кезеңі
- есепберудің кесімді уақыты


есеп беру формасы жіберілетін мекеменің аты, мекен-жайы

есеп беру формасын жіберген мекеменің аты, мекен-жайы

мекеме, кәсіпорын, шаруашылық бағынатын министрліктің аты

есеп беру формасында көрсетілген көрсеткіштердің дұрыстығына нақтылығына жауап беретін адамдардың қолдары мен аты-жөндері толық көрсетілуі керек.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистика агенттігі елдің мемлекеттік статистикасына басшылық ететін, оның бүкіл аумағында статистикалық қызметтің мазмұны мен сипатын айқындайтын, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалар мен мен жеке кәсіпкерлердің, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жайы мен үрдісін сипаттайтын қажетті статистикалық және экономикалық деректерге деген мұқтажын қанағаттандыратын және халықаралық деңгейде статистикалық деректердің ақиқаттылығы мен әдістемелік салыстырмалылығын қамтамасыз ететін Қазақстан республикасы атқарушы өкілетінің орталық органы болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистика Жүйесінің құрылымы, схема түрінде көрсетілген.



(1.08.2005 ж. жағдай бойынша)

Статистикалық есеп беру екі түрге бөлінеді: жалпы мемлекеттік, яғни барлық шаруашылық жүргізуші кәсіпорындар өзінің жұмыстары туралы керекті мәліметтерді жоғарғы органдарға міндетті түрде тапсырып отырады. Ішкі ведомствалық есеп беру мемлекеттік және ведомствалық есеп беру формалары қолданылуына қарай *бірүлгідегі* және *мамандандырылған* болып бөлінеді. Барлық халық шаруашылықтарындағы салаларда бірүлгідегі есеп беру формасында көрсетілген көрсеткіштер ортақ немесе бірдей болады.

Есеп беру мерзіміне байланысты мәліметтер тапсыру келесідей түрлерге бөлінеді: *шұғыл, айлық, тоқсандық, жарты жылдық және жылдық*. Есеп беру формаларындағы мәліметтердің келіп түсуіне қарай: *почталық, телеграфтық, телефакстік* болып бөлінеді. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестер туралы мәліметтер есеп беру формаларында толық көрсетілмеген жағдайда немесе есеп беру арқылы мәліметтер жинауға мүмкіндік болмаса, онда қажетті ақпараттарды жинау үшін **арнайы ұйымдастырылған статистикалық бақылау** жүргізіледі.

2. Статистикалық жұмыстар қоғамдағы маңызды әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарды мемлекет тарапынан бақылауға алу мақсатында жүргізіледі. Мұндай, сандық жағын анықтау қажетті болып табылатын құбылыстар әр салалы, құрылымы мен оны сипаттайтын белгілер де әр түрлі көлемде болуына байланысты, олармен статистикалық жұмыстар жүргізу де күрделі болып келеді.

Сондықтан олардың қоғамдағы орнын, әсер етуші факторларын анықтауда қателіктер кетуі әбден ықтимал. Осындай белгілі бір мемлекет аумағына таралып, оның күйін, жағдайын бейнелейтін құбылыстар, сайып келгенде қоғамның, мемлекеттің бағасын, деңгейін білдіреді. Сол себептен әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды, уақиғаларды сандық жағынан есепке алып, оның рөлін анықтау – ең алдымен мемлекеттік жұмыс болып табылады және бір орталықтандырылған қызмет түрі ретінде жүргізіледі.

Бұл бір орталықтандырылғын қызмет – қоғамдық құбылыстардың сандық жағына есеп жүргізетін әр түрлі салалардағы органдар мен мекемелерге бақылау орнатып, оларға жетекшілік жасайды және олардан түскен мәліметтерді тексеріп, өндеп мемлекеттің шын жағдайын, күйін анықтайды немесе ондай жағдайды, күйді білдіретін статистикалық мәліметтермен қоғамды таныстырады.

Қазақстанда және оған таяу елдерде саяси-экономикалық өзгерістердің орын алуы, жаңа заңдардың шығып, қолданылуына әкелді. Статистикалық есептің негізгі міндетінің бірі, ол қоғамның дамуынан қалмай, үнемі сол уақыттағы, сол аймақтағы әлеуметтік – экономикалық жағдайды шын бейнелеу болып табылады. Соған сәйкес статистикада және салалық статистикаларда өздерінің әдістемелерін, ұйымдастырушылық жұмыстарын нақты қоғамдық жағдайды дұрыс зерттеуге жарайтындай сапада реформалау, жаңарту үстінде.

Мұндай жұмысты тиімді іске асыру үшін, мемлекет тарапынан 1997 жылғы 7 мамырда «Мемлекеттік статистика туралы» заң қабылданды. Аталған заң статистикалық қызметті мемлекеттік қызмет ретінде тани отырып, мемлекеттік статистиканы барлық әкімшілік – аумақтық және мемлекеттік құрылымдарда ортақ құрылымдарға ортақ әдістемелер мен жоспарға сай жүргізілетін біртұтас жүйе ретінде таниды.

Мемлекеттік статистиканы бір орталықты жетекші орган түрінде жүргізу үшін, орталық атқарушы орган немесе өкілетті орган белгіленген және жоғарыда аталған заңда ол органның құқықтары мен міндеттері белгіленген. Барлық ведомстволық статистикаларға жетекшілік жүргізетін өкілетті орган ретінде, Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттігі жұмыс істейді.

Агенттігі құқықтарына мыналар жатады:

- - статистикалық жұмыстың жоспарымен белгіленген көлемде және мерзімдерде заңды ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінен мемлекеттік статистикалық дұрыс есептерді қайтарусыз алу;
- - Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайда жеке адамдардан, олардың экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, сонымен қатар кәсіпкерлік қызметінің жағдайын статистикалық қорыту және талдау үшін дұрыс мәліметтер алу;
- - Қазақстан Республикасының үкіметімен белгіленген тәртіпте мемлекеттік статистикалық бақылауды жүргізу үшін ұйымдардың лауазымды адамдарын тарту;
- - мемлекеттік статистикалық бақылау бағдарламасын дайындау және бекіту;
- - Мемлекеттік статистикалық регистрді, сондай-ақ статистикалық мәліметтерді дайындауды жүргізу үшін, атқаратын қызметіне қарай мемлекеттік органдардан алғашқы статистикалық мәліметтерді, сондай-ақ басқа да мәліметтерді алу;
- - жеке кәсіпкерлерден және заңды ұйымдардан алғашқы және статистикалық есептің тапсырылуын бақылауды іске асыру;
- - Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте, мемлекеттік тапсырыс берілген кейбір статистикалық жұмыстардың жүргізілуін қаржыландыруды іске асыру;
- - Қазақстан Республикасының үкіметімен бекітілген Агенттігі туралы Ережеге сәйкес, басқа да қызметтерді атқаруға құқылы.

Статистика жөніндегі Агенттік белгілеген статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеу әдістері мен тәсілдері, нысандары және олардың берген статистикалық көрсеткіштері ресми статистикалық мәлімет қана емес, сонымен бірге стандартқа сай дайындалған мәліметтер болып табылады. Яғни, өкілетті орган статистикалық мәліметтермен қажетті салаларды қамтамасыз етудің стандартын немесе негізгі нұсқасын белгілейді. Сонымен қатар, статистика жөніндегі Қазақстан Республикасының Агенттігі жетекші, өкілетті орган ретінде, барлық ведомстволық статистикалық нормативтік актілердің шығарылуына, олардың сапасына бақылау жасайды. Агенттік дайындалған заң жобаларын қарап, оған өздерінің ескертпелері мен кемшіліктерін бере алады.

Өкілетті орган мемлекеттік статистиканың дұрыс ұйымдастырылуы, әрі сапалы жүргізілуі үшін, нақты мәліметтерді сақтауы тиіс немесе статистикалық мәліметтердің сапалылығына байланысты негізгі қойылатын талаптарды белгілеп, олардың сақталуын бақылайды.

Ол талаптар былай анықталады:

- статистикалық, көрсеткіштердің тұтастығы, дұрыстығы және жеткіліктілігі;
- Қазақстан Республикасында болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестерді және олардың даму тенденцияларын қорыту, талдау және жан-жақты, объективті қаралуы;
- статистикалық мәліметтердің Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шекте ашық болуы және берілуі;
- қолданылған әдістемелердің және келтірілген көрсеткіштердің халықаралық деңгейде қолданылатын статистикалық стандарттармен салыстыруға сәйкестігі.

Бұл талаптарды іске асыру үшін, Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттігі өзінің жетекшілігіндегі барлық статистикалық органдар жүйесіне біртұтас мемлекеттік басқаруды жүргізеді, барлық шаруашылық салаларының есепке алынуы мен есеп беруін қадағалайды, біртұтас ғылыми негізделген әдістеме негізінде статистикалық мәлімет дайындау жүйесін құрып, оның қолданылуын басқарады. Сонымен қатар, бұл талаптардың сақталуына жағдай жасау мақсатында статистика жөніндегі Агенттік өз құрылымын жоғары сапалы, тәжірибелі, мамандармен жабдықтауды жүргізеді. Оның құрылымында статистикалық жұмыстардың әдістемелерін белгілейтін арнайы басқарма жұмыс істейді. Олар статистикалық көрсеткіштерді есептеу, мәліметтерді жинау мен өндеудің, тәсілдерін қарастырады, сондай-ақ оларды жетілдірудің жолын қарастырады.